

«Атырау облысы
Білім беру басқармасының
Құрманғазы ауданы білім
бөлімінің
«Б.Момышұлы атындағы
жалпы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі
БҰЙРЫҚ



Коммунального
государственного учреждения
«Общая средняя школа
имени Б.Момышулы» отдела
образования Курмангазинского
района Управления
образования Атырауской области»

ПРИКАЗ

060403 Асан ауылы
факс 8-71-259-7-30-46

060403, село Асан,
факс 8-71-259-7-30-46

№1-91
05.05.2025 ж

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі туралы

Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидалары» туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2016 жыл 19 қазандағы №12 бұйрығын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

I.Мектеп қызметінің төмендегідей бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін:

1.Мектеп қызметін қамтитын нормативтік құжаттар мен оның басқармашылық-ұйымдастырушылық қызметін реттейтін құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуелдерінің болуына талдау жүргізу;

2. Мектеп қызметін қамтитын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуын анықтау;

3.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мен бағалау;

4.Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымды анықтау;

5.мүдделер қақтығысымен байланыс сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

6.қаржыландыру жобаларын бақылау бойынша үдерістерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

7.Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыру кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

8.сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа мүмкіндік беретін себептер мен шарттарды анықтау.

II.Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі» КММ 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін төмендегідей жұмыс тобы құрылып, жұмыс тобының құрамы бекітілсін:

- 1.К.Ильясова-комиссия төрайымы, мектеп директоры;
- 1.Э.Нуртазина-комиссия төрайымы орынбасары, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- 2.Г.Мухтарова-комиссия мүшесі, МДТЖО, кәсіподақ төрайымы;
- 3.М.Танатаров-комиссия мүшесі, мектеп психологы;
- 4.А.Гумарова-комиссия мүшесі, хатшы;

III.Талдау объектісінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін 2024-2025 оқу жылына арналған мемлекеттік мекемесінің қызметі туралы ақпарат дайындалсын.

IV.2025 жылдың 30 желтоқсанына дейін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша сараптама есеп жобасы дайындалсын.

V.Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Э.Нуртазинаға тапсырылсын.

Мектеп директоры



К.Ильясова

2024 жылға білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалау үшін ақпарат

Білім беру ұйымдарының атауы	Штат санының лимиті	Заңдастырылған (тексеріс, аудит және т.б. шеңберінде) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау бұзушылықтарының саны	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытудан өткен қызметкерлердің саны	Сыртқы талдау нәтижелері бойынша енгізілген ұсыныстардың жалпы саны	Сыртқы талдау нәтижелері бойынша енгізілген ұсыныстар ішінен орындалғандардың жалпы саны	Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жалпы саны (ішкі талдау)	Жойылған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жалпы саны (ішкі талдау)	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілерін комплекс және/немесе кадр қызметімен, әдеп бойынша уәкілетпен дербес анықтауы	Сыбайлас жемқорлық деңгейін түйсінуге (өткізілген жағдайда және мәліметтер болса)
"Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы Білім бөлімінің "Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	28,25	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл" Заңының 12-бабына (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер) сәйкес

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау мәселелері

Білім беру ұйымдар атауы	Үкілетті органмен анықталған (тексеріс, аудит және т.б. шеңберінде) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді* сақтамаған қызметшінің А.Ж.Т.	Жол берілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеудің * қысқаша сипаттамасы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілерін комплаенс және/немесе кадр қызметімен, әдеп бойынша үкілетпен дербес анықталуы (бұзған адамның А.Ж.Т.)	Жол берілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеудің * қысқаша сипаттамасы
*Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің "Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	анықталған жоқ	жоқ	жоқ	жоқ

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл" Заңының 12-бабына (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер) сәйкес

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ақпарат

Білім беру ұйымдарының атауы	Сыртқы талдау нәтижелері бойынша енгізілген ұсынымдардың қысқаша мазмұны	Сыртқы талдау нәтижелері бойынша енгізілген орындалған ұсынымдардың қысқаша мазмұны	Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің қысқаша мазмұны (ішкі талдау)	Жойылған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің қысқаша мазмұны (ішкі талдау)
"Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің "Б. Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ

**Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі бойынша
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
нәтижелері бойынша талдамалық анықтама**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 8-бабын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен субъектілердің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды орындау үшін мемлекеттік сектордың, мектеп директорының бұйрығы негізінде 2025 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айларына Атырау облыстық беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Жоғарыда көрсетілген бұйрықпен қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы бекітілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау "ұйымдастыру - басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау" бағыты бойынша мына мәселелер қаралды:

- персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы, тәртіптік практика;
- мүдделер қақтығысын реттеу;
- Мемлекеттік қызмет көрсету;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер;
- қызметтік әдеп пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау бойынша;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілерін комплаенс және/немесе кадр қызметімен, әдеп бойынша уәкілетпен дербес анықталуы;
- Талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылдың 5 айы болып белгіленді. Талдау қорытындысы бойынша мыналар анықталды.

- Мектеп мекен-жайы: Асан ауылы, Т.Рысқұлов көшесі 17 үй

Мектеп директоры: Ильясова Куралай Костанайовна, лауазымын 02.03.2015 ж бастап қазіргі уақытқа дейін атқарады (№ 215 бұйрық)

- Мектеп қызметінің мәні бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, негізгі орта білім беруді, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру, қолжетімді сапалы мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз ету болып табылады.

- Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты білім алушылардың жалпы ғылыми және жалпы мәдени даярлығын қалыптастыру болып табылады

- жалпы білім беру бағдарламалары мазмұнының міндетті минимумын игеру, білім алушылардың өмірде және қоғамда әлеуметтік бейімделуі, кәсіпті, еңбек қызметін саналы түрде таңдау және игеру үшін негіз құру, Азаматтыққа және Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу негізінде жүзеге асырылады.

- Тексеру кезінде мектеп қызметін 2021 жылғы 18 қаңтардағы №66-1915-03 ММ Жарғы негізінде жүзеге асырады.

- Мектептің білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар
№ KZ20LAA00021763

"Қызметті қозғайтын нормативтік құқықтық және құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау" бағыты бойынша ішкі талдау:

- Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша директордың (мектептің) өз қалауы бойынша қабылдауына ықпал ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін, нормативтік құқықтық актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік туғызатын құқықтық олқылықтар белгіленбеген.

2025 жылдың алғашқы бес айы кезеңінде негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша, ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық мәселелер бойынша бұйрықтар "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тілде рәсімделді, сондай-ақ қолданыстағы заңнамалық актілерге, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келеді. Бұдан басқа, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің ҚР заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан құқықтық мониторингі жүргізіледі, сондай - ақ жоғары деңгейдегі нормативтік-құқықтық актілерге қайшы келетін нормативтік құқықтық актілер жоқ.

Аппараттың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіне ішкі талдау келесі критерийлер бойынша жүргізілді:

- персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы, тәртіптік практика;

- мүдделер қақтығысын реттеу;

- Мемлекеттік қызмет көрсету;

- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер;

- қызметтік әдеп пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау бойынша;

* Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

* Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Персоналды басқару саласындағы ішкі талдау барысында, оның ішінде кадрлардың ауысуы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Штат саны (мектеп) -29,25 бірлікті құрайды, оның ішінде 23 - оқытушылар құрамы, 25 - көмекші персонал. Бос жұмыс орындары 2024-2025 оқу жылы ішінде тариф бойынша вакантта тұрған сағаттар : орыс тілі 7 сағат, химия

1 сағат, дене шынықтыру 6 сағат, көркем еңбек 3 сағат, тарих 5 сағат мамандықтарына сай пән мұғалімдеріне бұйрықпен берілді.

Кадрлардың ауысуын талдау көрсеткендей, 2024 -2025 оқу жылы ішінде екінші оқу тоқсаннан кейін мектепте химия биология пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған Темирова Таңғажайп Шайхиевна зейнеткерлік жасқа жетіп, жұмыстан босады. Бос орын еңбек кз порталына жарияланып, өтініш білдірген маманның болмауына байланысты зейнеткер мұғалім Темирова Таңғажайп уақытша атқаруға келісім шарт негізінде жұмысқа алынды.

Теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылғандар жоқ.

Тәртіптік практиканы талдау барысында 2025 жыл ішінде мекемеде тәртіптік жаза қолданылған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломдар) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің бар екендігін куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Сондай-ақ, қызметкерлердің жеке істері Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалу мен сауықтыруды, дене шынықтыру мен спортты, медициналық қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметтер көрсетуді, мәдениет пен өнерді ұйымдастыру саласындағы ұйымға жұмысқа орналасуға жол бермеу бөлігінде көзделген шектеулердің болмауы тұрғысынан тексерілді соттылығы бар немесе бар, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе ұшыраған адамдарды (адамдарды қоспағанда), ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылды) қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін: адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандылығына, жыныстық тиіспеушілікке қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін.

Қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есептеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар екені анықталды.

"Арнайы есепке алу" ААЖ дерекқорына сәйкес Мекеме қызметкерлерінің ешқайсысының қылмыстық қылмыстары үшін соттылығы не өтелмеген соттылығы жоқ, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер жоқ.

Ішкі талдау барысында лауазымды адамдар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдардың бұзылуы анықталған жоқ.

*** Мүдделер қақтығысын реттеу**

Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы орындау мақсатында барлық қызметкерлер (мектептер) қызметтік әдеп ережелерімен танысты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілерін комплаенс және/немесе кадр қызметімен, әдеп бойынша уәкілетпен дербес анықталуы бөлімі бойынша мектеп директорымен лауазымдық қызмет атқаратын жақын туыстары болған жоқ.

*** Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер**

*** Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.**

Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарт жасалып, түрлі тауар, қызмет түрлері сатып алынды. Бұлардың көпшілігі баға ұсынысын сұрату тәсілімен өтсе, кейбіреулері Мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес бір көзден сатып алынды.

*** Мемлекеттік қызмет көрсету.**

Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м. а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/ҰК бұйрығына сәйкес, "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" білім беру саласында мектеп 6 мемлекеттік қызмет көрсетеді: "негізгі орта және жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру", " құжаттарды қабылдау және қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында",

"Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну", " мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген білім беру ұйымдарының тұлғаларына біліктілік санаттарын беруге (расталуға) аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау", "Балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау, денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын", "аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалыс беруге құжаттар қабылдау және жолдамалар беру".

Көрсетілген мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда және қағаз нысанда ұсыну тәсілдері.

Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін алты жасқа толатын білім беру ұйымының (Асан ауылы, Жиделі, Болашақ, Т.Рысқұлов мөлтек аудандары) қызмет көрсету аумағында тұратын барлық балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

Осы мемлекеттік қызметті жүзеге асыру тәсілдері ата-аналарға электрондық нысанда және қағаз форматта ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі порталда өтініштерді тіркеуді жүзеге асыра отырып, осы мемлекеттік қызметті электрондық форматта көрсетеді.

2025 жыл ішінде бірінші сынып оқушыларының ата-аналарынан "бірінші сыныпқа қабылдау" туралы өтініштер қағаз жүзінде күні бүгін 4 ата-анадан өтініш келіп түсіп, оқушылар қабылданды.

e-gov.kz арқылы өтініштер анықталған жоқ.

1-сыныпқа қабылдау қызметін көрсету мерзімі: 1 сәуірден 31 тамызға дейін.

"Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат мектеп сайтында орналастырылған (Мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары). Сондай-ақ, сайтта осы мемлекеттік қызметті жүзеге асыру бойынша жауапты тұлғалар туралы ақпарат орналастырылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы №28 бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес "негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес құжаттаманың жүргізіліп жатқанын көрсетті.

2025 жылдың ішінде телнұсқаларды беруге өтініш болған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсетуде бұзушылықтар анықталған жоқ.

2025 жылдың ішінде кезеңінде "білім беру ұйымдары мен республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагогтерін біліктілік санаттарын беру және растау үшін аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметі «Ұстаз» платформасы арқылы жинақталып, екі педагог ПББ тестілеуден өтіп, өтініштері платформаға тіркелді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Өтініштер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымдар жоқ.

Сот актілері мен прокурорлық қадағалау актілері болған жоқ.

* Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі жұмыстың жай-күйін талдау жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу, есепке алу "жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" ҚР Заңына сәйкес белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралатынын анықтады. Жеке

және заңды тұлғалардың өтініштері e-otinish порталы арқылы қабылданып отыр. 2025 жылдың алғашқы бес айы ішінде 6 өтініш түсіп, жауабы берілді.

Мектеп директорына, директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына 2025 жылдың алғашқы бес айы ішінде заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

* Қызметтік әдеп пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтау заңнама.

Мектеп қызметкерлеріне қойылатын талаптар, Әдеп кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары сақталады. Талдау жүргізу кезінде Әдеп кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын сақтауға байланысты тәуекелдердің туындау жағдайларын растау табылған жоқ.

* Ақпараттық саясат ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 4-бабының 3) тармақшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі жариялылық пен ашықтық қағидаты болып табылады.

Қазіргі жағдайда осы қағиданы іске асырудың табыстылығы мемлекеттік органдардың өз интернет - ресурстарында ақпаратты орналастыру арқылы ақпаратқа ашық қолжетімділік беру арқылы қызметтің ашықтығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған заңдар мен ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындауына байланысты.

Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі өзінің интернет-ресурсы/Facebook, Instagram парақшасы жұмыс жасайды.

Facebook парақшасында Сенім телефондары, азаматтарды қабылдау туралы ақпарат, басшылықтың Байланыс телефондары орналастырылған.

Мекемеге, сондай-ақ мекеменің лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды, жарияланымдарды анықтау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді.

Мониторинг нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

* Білім алушыларды әлеуметтік қорғау және құқық бұзушылықтың алдын алу.

2025 жылдың алғашқы бес айы ішіндегі жағдай бойынша мектепте оқушылар - 84, мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілері- 8, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатынан - 0 қамқорлықтағы адам -0, патронат оқиды - 0

Сенімхат бойынша – 0 адам; мүгедек балалар - 1; көп балалы отбасылар - 15; қолайсыз отбасылар -0; аз қамтылғандар - 9

ЭБЖМ -0 есебінде тұрған білім алушылар.

Есепте тұрған білім алушылар-0.

2025 жылдың алғашқы бес айы ішінде Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі жүргізілген талдау нәтижелері бойынша тегін ыстық тамақпен Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бұзушылықтар анықталған жоқ. Есепті кезеңде 1-4 сыныптардан 31 оқушы және 5-11 сыныптардан 14 оқушы ата-аналарының балаларын тегін ыссы тамақпен қамту жөнінде өтініштері негізінде жалпы мектеп бойынша 45 оқушы тегін ыссы тамақпен қамтылды. Өтініштер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымдар жоқ.

Сот актілері мен прокурорлық қадағалау актілері болған жоқ.

* Өтініштер бойынша осы мемлекеттік қызметті көрсетуге шағымдар жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың жай-күйі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті жоспарлау сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жүйелі түрде жоюдың негізгі тетігі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар 2025 жылдың алғашқы бес айы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарында баяндалған.

Жоспарда қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық - насихаттау жұмысы жөніндегі іс-шаралар көрсетілген.

Мектепте адамгершілігі жоғары, жауапты, бастамашыл және әлеуметтік - Құзыретті азамат пен патриоттың қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасау мақсатында мектептің белсенді оқушылары арасынан "Адал Ұрпақ" клубын ашу туралы бұйрық шығарылды, клубтың жұмысына жауапты мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары Г.Мухтарова. "Адал Ұрпақ" клубының жұмыс жоспары жасалды және бекітілді. Бұл клубтың негізгі міндеті мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту жөніндегі бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу болып табылады.

"Адал Ұрпақ" ерікті клубы сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ақпарат және шығармашылық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар секцияларынан тұрады.

Мектепте өткізілген іс-шаралар бойынша берілген ақпаратқа сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде барлық іс-шаралар мектеп оқушыларымен, педагогтармен және ата-аналармен өзара іс-қимылға бағытталған.

* Прокурорлық қадағалау актілері

Тексерілетін кезеңде тоқсанда мекемеге, мекеменің лауазымды тұлғаларына қатысты прокуратура органдары тарапынан бақылау-қадағалау функциялары қызметті жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер (шағымдар, өтініштер бойынша) жүргізу және заңдылықты бұзу арқылы жүзеге асырылмаған.

ОДАН ӘРІ ҚЫЗМЕТ БАРЫСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР

1. Мекеменің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес барлық талаптардың қатаң орындалуын ұстаныңыз.
2. Оқытушылар құрамы мен білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыс жүргізу.

Мектеп директоры:  К.К.Ильясова

Жұмыс тобының мүшелері:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Педагог-психолог:

Хатшы:







